**Аннотация.** Мақалада жаңа заман талабына сай, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімін креативті маман ретінде дайындау процесі үнемі даму үстінде екендігіне кеңінен тоқталып, Қарахан дәуіріндегі әдебиетті оқытудағы басы ашық мәселелер жан-жақты талданды. Қазақ әдебиетінің тарихын оқытуда уақыт қойған талапқа байланысты білім берудің алғы шарттары да өзгеруде. Бүгінгі ЖОО-да қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімін дайындау стратегиясы Білім бағдарламасындағы құзыреттілік тәсілдің басымдылығына және студентке орталықтандырылған оқытуға (студентоцентрированное обучение) негізделіп, кәсіби қызмет ерекшеліктерін ескеруді талап етеді. Аталған мамандықтың мамандық дайындайтын ЖОО-ның әр білім беру бағдарламасына сай түрлі әрі нақты мақсаттарды көздейді. Қазіргі тіл-әдебиет мамандарын дайындаудағы негізгі мақсатта креативті яғни терең білімді, туындаған проблемаларға қатысты тез шешім қабылдап, ситуациядан шығатын жолды тап басып танытын, өз ісінің шеберін дайындау да басты талаптың бірі. Жас маман дәуір талабына сай сандық технологияны меңгерген, қолданбалы филология мен ұлттық лингвистиканы ғылыми әдістемелік деңгейде білетін, түрлі салаларда, мекемелерде функционалдық сауаттылықты қажет ететін орталарда өзін тек жоғары білім-білік деңгейінде көрсететін тұлға болып қалыптасуы қажет. Сондықтан да ЖОО-да қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі мамандығының студенттерін дайындау күрделі, әрі сан-салалы процесс. Білім беру процесінде болашақ маманның білімін теориялық тұрғыдан дамытуын, педагогтік шеберлікті үйренуін, кәсіби менеджментті меңгеруін, тәлімгерлік дағдыларды дұрыс қолдануын, және де зерттеуге, ғылыми-шығармашылыққа балу, конференция, жоба, семинарларға қатысуына ықпал жасау қажет. Жасалған зерттеудің барысында «6В01700 — Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» мамандықты дайындау программасы негізінде болашақ бакалавр курсы бітірушілердің кәсіби даярлықта басты және толық деңгейдегі меңгеруі тиіс құзыреттіліктері бірінші рет айқындалды және де оларға ғылыми әдістемелік тұрғыдан сипаттама жасалды, қолданудың алғашқы кезеңінен өткізілді.

**Түйін сөздер:** Қазақ әдебиеті тарихы, Қарахан дәуіріндегі әдебиет, кәсіби даярлық, заман талабы, оқытудағы дәстүр, Білім беру бағдарламасы, ғылым, зерттеу, әдіс, филология, сауаттылық, кәсіби

©**Д.О. Айтенова\***, **А.П. Мынбаева**, **Г.А. Белгибаева**, 2023  
Южно-Казахстанский Государственный педагогический университет, Шымкент,  
Казахстан.  
E-mail: daytenova@mail.ru

## **МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ПРЕПОДАВАНИЮ КУРСА «ИСТОРИЯ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ» В ВУЗАХ**

**Айтенова Динара Оразбаевна** — докторант PhD. Южно-Казахстанский государственный педагогический университет. Магистр, старший преподаватель Шымкентского университета, Шымкент, Казахстан

E-mail: daytenova@mail.ru. ORCID: 0000-0001-5765-3625;

**Мынбаева Акбилек Пазылхановна** — доктор PhD. Южно-Казахстанский государственный педагогический университет. Шымкент, Казахстан

E-mail: mutlu\_8484@mail.ru. ORCID: 0000-0002-2204-8545;

**Белгибаева Гулнур Абубакировна** — магистр, старший преподаватель Шымкентского университета. Шымкент, Казахстан

E-mail: gulnurbelgibaeva@mail.ru. ORCID: 0000-0003-0914-0811.

**Аннотация.** В статье дан подробный анализ процесса подготовки учителя казахского языка и литературы как креативного специалиста, который в соответствии с современными требованиями находится в постоянном развитии, также всесторонне анализируются наиболее актуальные проблемы преподавания литературы в эпоху Караханидов. В соответствии с требованием времени в процессе преподавания истории казахской литературы меняются и предпосылки обучения. Стратегия подготовки учителя казахского языка и литературы в современном вузе требует учета особенностей его профессиональной деятельности, исходя из приоритета компетентностного подхода в образовательной программе и централизованной подготовки студента (студентоцентрированное обучение). Каждая специальность имеет свои конкретные цели в соответствии с каждой образовательной программой высшего учебного заведения. Одним из основных требований к подготовке специалистов современного казахского языка и литературы является подготовка креативного, обладающего глубокими знаниями мастера своего дела, умеющего быстро принимать решения по возникшим проблемам и находить выход из сложной ситуации. Молодой специалист должен сформироваться как личность, освоивший цифровые технологии в соответствии с требованиями времени, на научно-методическом уровне владеющим прикладной филологией и отечественной лингвистикой и проявляющий себя высокообразованным специалистом в условиях, требующих функциональной грамотности в различных областях и учреждениях. Поэтому подготовка студентов по специальности «учитель казахского языка и литературы в вузе» — сложный и многогранный процесс. В процессе обучения необходимо способствовать теоретическому развитию знаний будущего специалиста, овладению педагогическим мастерством, профессиональным менеджментом, правильному использованию навыков наставничества, участию в научно-исследовательской, научной и творческой работе, конференциях, проектах, семинарах. В ходе исследования на основе программы подготовки по специальности «6В01700 — Подготовка учителей казахского языка и литературы» были впервые определены основные и полноуровневые компетенции, которыми должны овладеть выпускники курса подготовки будущих бакалавров в процессе профессиональной подготовки, также им была дана характеристика с научно-методической точки зрения и пройден первый этап их применения.

**Ключевые слова:** история казахской литературы, литература эпохи Караханидов, профессиональная подготовка, современные требования, традиции в обучении, образовательная программа, наука, исследование, метод, филология, грамотность, профессионал

### **Кіріспе**

Қазақстанның келешегінің кемел болуы, дамыған елдер қатарынан табылып, әлем санасар мемлекетке айналуы жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеуде жатыр. Жас ұрпақ тәрбиесінің қандай болмағы ол тәрбиеленіп жатқан мекеме мен ортаға тікелей байланысты. Жеткіншек үшін тәлім-тәрбие беретін мектептің маңызы айрықша. Қазақ қоғамын алаңдатып отырған күрделі мәселенің бірі осы мектептегі тәрбие. Мектептегі жауапкершілік тікелей мұғалімнің білік біліміне қатысты. Әсіресе, мектеп мұғалімдернің арасында ұлттық тіл мен әдебиеттен білім, тәрбие беретін мамандардың ролі ерекше. Сондықтан да, ЖОО-да Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын дайындаудың проблемаларына басты назарды аудару аса қажет жағдай. Студенттің болашақ маман екенін ескерер болсақ, білім берудегі жаңашылдықтарды, іскерлік дағдыларды, саналы жауапкершілік пен әдемі әдепті де оның бойында білім қатар сіңіртүміз керек. Жауапкершілікті сезінетін маман дайындайтын оқытушы пәннен Оқу бағдарламасын жасаған кезде пән құзіретеліктерімен қатар мамандыққа қатысты спецификалық талаптарды ескеріп, үлкен ізденіспен кірісуі қажет. Әр пәннің оқытылуындағы мақсат, міндеттер, алғы шарттар кафедра ұжымымен келісімде жасалып, бір-бірін қайталамай, керісінше, сабақтастықта жүзеге асырылса, жемісін берері сөзсіз. Жаңа тұрпатты мұғалім — жан-жақты рухани дамыған, әлеуметтік тұрғыдан кемеліне келген шығармашыл тұлға, педагогикалық әдіс-тәсілдерді кәсіби тұрғыдан жетік меңгерген, үнемі өзін-өзі жетілдіруге ұмтылатын құзыретті маман. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастыру мен дамыту үшін және оның өз мүмкіндіктерін барынша толық жүзеге асыруы үшін жауапты болып табылады.

XXI ғасырдың алғашқы кезеңінде Қазақстан мемлекетінің білім беру жүйесінде көптеген өзгерістер болды. Кеңесті жүйеден арылғаннан кейін барлық білім саласы жаңару мен жаңғыртудың жаңашыл формаларын қабылдады. Тәуелсіздік ұстанымы педагогтердің ой еркіндігі мен шығармашылық ізденісіне кең жол ашты. Әсіресе, ұлттық тіл мен әдебиеттің білім беру мазмұны мен формасы түгедей өзгеріске ұшырады. Жас ұрпақ егемендіктің нәтижесінде ұлттық тарих пен құндылықтарды тереңнен меңгеруге бет алды. Бұрын соңды тек ЖОО-да ғана жай ақпарат түрінде дәріс оқылатын ұлтымыздың рухани құндылықтарын ғылыми тұрғыдан қайта зерттеліп, жастардға білім мен тәрбие беруде басты құралға айналды. Қазақ ұлтының рухани мәдениетінің негізгі құраушы компоненті Түркілік кезең әдебиеті, мәдениеті, тарихи тұлғаларына қатысты арнайы пәндер ендіріліп, филолог маман дайындаудағы мән-маңызына тереңнен зер салынды. Қазақ тілі мен әдебиетінің түрлі саладан маман дайындайтын оқу орындарында әдебиеттің тарихын оқытуға қатысты ғылыми әдіснамаларының теориясы мен парадигмалары толықтай жаңартылды. Әрбір дәуірге байланысты ұлттық әдебиет тарихын оқытуға жаңа классификация жасалып, жаңа мәселелермен толықтырылды. Оқу бағдарламаларына жасалған жаңа талаптар пәнді оқыту процесіне де айтарлықтай ықпал етіп, бұрынғы мемлекеттік жалпыға ортақ білім стандарты деңгейінен өтіп, әр оқу орнының таңдау компоненттеріне басымдық берілді. Білім берудегі бұл жаңашылдықтар білім беру процесін алғы шарттарға сай ұйымдастырып, инновациялық технологиялар қолдануды жүктейді. Мұғалімдердің заман талабына сәйкес болуы, күн тәртібінен түспейтін, өзектілігін жоймайтын мәселе.

Сондықтан да маман дайындайтын әрбір оқу орны статусына қарамастан ұлтқа тұлға болар жастарды тәрбиелеп, білім беруде бір мүддені ұстануы тиіс. Бұның себебі, мемлекеттің социалды — қаржылық талаптары уақытқа байланысты өзгеріске түседі, жастарды өзгеріске мойымайтындай, керісінше сол бәсекелестік ортадан өз орнын ойып алатын, кемел тұлға болуға ұмтылдырудың заманауи қажеттіліктері туындап тұр. Жаңа ғасырдағы білім дағдыларын қалыптастырудағы ЖОО-ның басты ұстанымы — студенттің өзін-өзі тәрбиелеуіне, тереңнен ойлауына, талантын шыңдауына, творчестволық қабілеттерін дамытуына және жаңа кезең талаптарына бейімделуіне мүмкіндік жасау. Заманауи білім беру жүйесінде барлық мүмкіндіктер оқушыларды дамытуға бағытталуы тиіс. Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық қарқынды дамуы Жоғары білім беру саласын жаңаша құруды, дамыған елдердің білім беру модельдерін қолдануды талап қылуда. Аталған жаңашылдықтың бастыларының біріншісі — адам өмірін ізгілік тұрғысынан қайта жаңғыртып, рухани кемелденуге әрекет етіп, қазақтың ұлттық құндылықтар болып табылатын мұраларды жан-жақты дәріптеу арқылы оқытып, білім беру процесінің қарыштай түсуіне молынан үлес қосып, барынша ықпал ету.

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін дайындау саласында студенттердің кәсіби даярлығына бағытталған жаңа оқу бағдарламасының алдына қойған мақсаты мен күзиреті білімді ұлттық құндылықтармен толықтырып, рухани тұрғыдан жетілдіріп, мазмұнның мәнін тередету арқылы жас маманның білім-білік дағдыларын дамыта отырып, қазіргі кезде қазақ филологиясының әр түрлі мамандандырылған салалары бойынша қазақ әдебиетінің тарихына қатысты бірқатар зерттеу еңбектері және оқулықтар жарық көруде: «Қазақ әдебиетінің тарихы» (Сүйіншәлиев, 2006), Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері (Еспенбетов және т.б., 2019), Әдебиет теориясы (Райан Майкл, 2019), «Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы» (Қыдыр және т.б., 2019) және т.б. Аталған филология салалары бойынша оқу бағдарламалары, әдістемелік оқу құралдары жасалған. Алғашында олар жоғары оқу орындарында оқытылатын пәндер ретінде қалыптасып, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Л. Гумилев атындағы Қазақ Ұлттық университеті мен Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеттері және т.б. жоғары оқу орындарының оқу жоспарларына енгізілген.

### **Зерттеудің мақсаты**

Қазақ әдебиетінің тарихы пәндерін оқытудағы дәстүр сабақтастығы мен білім беру бағдарламасы арасындағы мәселелерді анықтай отырып, «Ежелгі дәуір әдебиеті және хандық дәуір әдебиеті» пәнінің күзиреттіліктеріндегі ерекшеліктерді, ортақ сипаттар мен ұстанымдарды анықтау. Белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін мынандай міндеттер қойылды:

- Қазақ әдебиеті тарихы курсынан оқытылатын пәндер нақтылау;
- Әдебиет тарихы курсынан оқытылатын пәндерге ғылыми-теориялық шолу жасау;
- Қарахан дәуіріндегі әдебиетті оқытудың әдістемелік жүйесінің ғылыми сипаттамасын беру;
- Ежелгі дәуір әдебиетін зерттеген еңбектерді жинақтау.

*Алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы:*

- Қазақ әдебиетінің тарихи генезисіндегі танымдық ұғымдар Қарахан дәуіріндегі әдеби мұралар негізінде қалыптасатындығы әдістемелік тұғырдан

дәлелденіп, аталған кезең әдебиетін жеке пән ретінде оқыту ұсынылды. «Қарахан дәуіріндегі әдебиетін» жеке пәнін ретінде оқытудың күзиреттіліктері жан-жақты талданды.

### **Әдістер мен материалдар**

Білім беру жүйесінде жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқыту үрдісін жетілдіріп, студенттің танымдық қабілетін дамытатын әдіс-тәсілдерді пайдаланудың аспектілеріне арналған іргелі зерттеулер қазақ филологиясында пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесі бойынша ғылыми ізденістер негізін қалауға мүмкіндік беруде. Елімізде осы бағытта дайындалған Т. Кәкішұлы, Қ.О. Бітібаева, А.З.Тілеуова, Б. Керімбекова, Қ. Байтанасова, Ж. Смағұлов (Кәкішұлы, 2002; Бітібаева, 201; Тілеуова, 2018; Керімбекова, 2017; Байтанасова, 2011; Смағұлов, 2018) және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері филологиялық пәндерді ұлттық құндылыққа бағыттау жағдайында оқытудың әдістемелік негіздерін, жетілдіру жолдары мен құрылымын айқындауға бағытталған. Соңғы жылдарда тіл мен әдебиет бойынша мұғалім даярлау бағытындағы оқу процесіне ендірілген білім бағдарламасында жалпы күзиреттіліктер бірнеше модульге бөлініп берілген. Барлық модульге ортақ әрі басты талап берілетін білімді барынша оңтайландыру болып табылады. Мәселен, 6В01701 — Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау білім бағдарламасында Қарахан дәуіріндегі әдебиет «Ежелгі дәуір әдебиеті» пәніне ендірілген. Өзіндік қалыптасу тарихы терең, қазақ әдебиетінің тарихи генезисін құрайтын Қарахан дәуіріндегі әдебиеттің нысаны көлемді болғандықтан білімді оңтайландырудың маңызы зор.

Жалпы кез келген пәнді оңтайландыру — білім беру және тәлім-тәрбие берудің психологиялық-педагогикалық ұстанымдарын сақтап көздеген мүддеге қиындықсыз жету де Қазақ әдебиетінің тарихына қатысты мағлұматтардың, ғылыми деректер мен зерттеушілер еңбектерін бір жүйеге келтіріп, нақытлаудың мәні зор. Алғаш Қарахан дәуіріндегі әдебиеттің тарихына қатысты айтылған ой-пікірлер, мақалалар, зерттеулер туралы материалдарды толықтай сүзгіден өткізіп, сұрыптап алу қажет. Тәуелсіз концепция тұрғысынан кейіннен табылған деректерді жинақтау, сақтау және оқу процесіне жаңа технологиялар мен құралдар арқылы қолданып, білім алушының таным-түсінігінің кеңейуіне мол мүмкіндік береді. Сабақ барысында қазіргі сандық технологиялар мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану студенттің ізденісінің ғылыми-практикалық жағын жетілдіруіне жол ашады. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін және филолог мамандарды дайындайтын бірнеше ЖОО-ның білім беру бағдарламаларының ішкі мазмұны мен мақсат, міндеттерін зерттей келе, пәнді оқытудың жай-күйінде айтарлықтай айырмашылықтар жоқ екеніне көз жеткіздік. Барлық ЖОО-да қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлаудағы басты ұстанымдары сауатты, білікті, шығармашыл тұлға дайындау және жас маманың жұмыс берушілер тарапынан қойылатын талаптарын қанағаттандыру. Және де бірнеше ЖОО-ы студенттің төрт жылғы алған білімін толыққанды өмірде жүзеге асыруын көздегендіктен кәсіби біліктілікті көтеруде жаңашыл ізденістерге барып, студенттің сабақтан бос уақытын дұрыс пайдалануының да әдістерін қарастырған. Жас ізденушінің кәсіби жетілуі деген де студентке ғылыми мағлұматтар жинау мен оларды зерттеп талдаудың әдіснамасын белгілі ғалымдардың зертханалық еңбектерінен алуға ұсыныс жасаған. Дегенмен, маман дайындау да тек ғылыми ізденіске жол беріп, әдіснаманы оқытып, үйрету барлық мәселені шешпесі анық. Біз зерттеу барысын да Қазақ әдебиетінің тарихын оқытудағы бірнеше кемшіліктерді анықтадық. Олардың бастылары:




- Пәнді оқытудағы сағат санының азаюы;
- Бірнеше дәуірді қамтитын әдебиетті бір ғана пәнмен шектеу;
- Тарихи тұлғаларды жеке-дара тақырып ретінде қарастырмау.
- Пәнді оқытудағы жүйеліліктің сақталмауы т.б.

### Нәтижелер және оларды талқылау

Қазақ әдебиетінің тарихы генезисіндегі танымдық ұғымдар. Ежелгі дәуір рухани мұраларындағы идеялардың Қарахан дәуіріндегі әдебиетпен өзара сабақтастықта болатындығын дәлелдейді (Сурет 1). Қарахан дәуіріндегі әдебиетті оқытудың әдістемелік жүйесін жасауда осы сабақтастықты негізге алған жөн деп ойлаймыз.

«Қарахан дәуіріндегі әдебиет» пәні студенттерді Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау саласы бойынша дайындайтын саладағы оқу жоспарына таңдау компоненті ретінде енгізілген арнайы білім беру курсы болып табылады. Курс ежелгі дәуір әдебиеті туралы негізгі түсініктерді түгел бере отыра, «Қазақ әдебиетін оқытудың әдіснамалық негіздері мен әдістері» кәсіптік бағдар курсының негізін қалайды.



Сур. 1 – Қазақ әдебиеті тарихы мен Қарахан дәуіріндегі әдебиет тарихындағы мазмұндар сабақтастығы

(Fig. 1 – Continuity of the content of the history of Kazakh literature and the history of literature of the Karakhanid period)

Қазақ әдебиетінің тарихына қатысты пәндерді оқытудың әдістемелік жүйесі бір-бірімен өзара байланысқан: оқыту мақсаттары, мазмұны, әдістері, іс-әрекеті, формасы, құралдары, білім беру іс-әрекеті және оқыту нәтижелерінен құралған. Білім бағдарламасының мазмұнында қазақ әдебиетінің тарихын оқыту бес пәннің

оқытылуымен жүзеге асады. Ұлттық әдебиеттің тарихи эволюциясынан білім беретін бес пәннің алғашқысы болып табылатын «Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті» пәнінің тақырыптары өте ауқымды. «Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті» деп аталатын пәнді оқытуда Қарахан дәуіріндегі тұлғалар жайында білім берілмейінше білім беру бағдарламасындағы кәсіби құзіреттіліктерді жүзеге асыру мүмкін емес екенін ескере келе, ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, оған төмендегіше анықтама берілді:

Қазақ әдебиеті тарихының Қарахан дәуірі: «X–XII ғасырларда қазіргі Қазақстан, Орта Азия жерлерінде, Еділ бойында түркі тілінде сөйлейтін көптеген ежелгі тайпалар аралас өмір сүрді. Бұл кездерде түркі тайпалары әлі де жеке-жеке халық болып қалыптаспағандықтан, сол кезде олар жазып қалдырған әдеби ескерткіштер қазіргі түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы болып есептеледі. X–XII ғасыр ескерткіштері түпкі бастаулары тереңде жатқан қазақ әдебиетіндегі ежелгі дәуірлердің бір арналы бұлағы».

Қарахан дәуіріндегі әдебиеттің қамтитын тақырыптары ретінде «Ж. Баласағұн «Құтты білік» дастанының басты идеясы, сюжеттік желісі», «М. Қашқаридің «Диуани лұғат-ат түрігі» түркі тілді халықтарға ортақ мұрасы», А. Иүгінеки «Ақиқат сыйы» еңбегі, өмір сүрген қоғамдағы моральдық ұғымдар мен мінез-құлық нормаларын жыр еткен шығармасы», «Н. Рабғузи. «Рабғузи қиссалары», «Қожа Ахмет Йассауи-сопылық әдебиеттің ірі өкілі «Диуани хикметі», XII ғасырдағы әдеби ескерткіштері» қарастырылады. Аталған дәуір әдебиетінің өзінен бұрынғы сақтар мен ғұндардың ауыз әдебиеті үлгілерімен генезистік, типологиялық, дәстүрлік үндестікте дамығаны терең түсіндіріледі.

Пәнді оқытуда күтілетін нәтижелер: Білім беру бағдарламасын игерген бітірушінің бойында қалыптасатын құзіреттіліктер:

Жалпы құзіреттіліктер: — Ежелгі дәуір әдебиеті пәнінің ғылыми-теориялық негіздері мен қазақ әдебиетінің түркілік түп негізінен хабар алады; Әдебиет тарихы әдебиеттану ғылымының құрамдас негізгі бөлімі екенін біледі; Түркі тектес халықтарға ортақ әдеби мұраларды үш дәуірге бөле отырып, игереді; Ғылыми-зерттеу еңбектерге сүйене отырып, шығармаларды жан-жақты талдау жасау меңгереді.

Кәсіби құзіреттіліктер: Халық ауыз әдебиеті мен әдебиет тарихындағы ақындар шығармашылығының тақырыбына хабарлама, баяндама, эссе, сұхбат дайындау, оқытылатын шығармаларды талдау үшін арнайы терминдер мен ұғымдарды сараптай білу, өз ойын көркем жеткізу, көркем мәтінді әдеби нормаға сай аудару дағдыларына қабілетті болуы керек.

Студенттер бойына қалыптастыратын іскерлік:

– Ежелгі әдебиетте кездесетін ұғым түсініктерді ұғына білуге;

– Топтағы талқылау сабақтары сіздің ғылыми жұмыспен шұғылдандуыңызға ықпал етуі;

– Тақырыппен жұмыс әдебиетті талдай білуге тәжірибе жетілдіруіңізге көмектесіп, өз жұмысыңызды көрсетуге машықтануға;

– Қазақ тарихына, әдебиетіне қатысты көзқарастарды жүйелеу және ақын-жыраулардың рухани жан-дүниесін ашуға бағыттау;

– Ж. Баласағұннан Алтын Орда дәуіріне дейінгі аралықта өмір сүрген қазақ әдебиетінің алғашқы өкілдері туралы дерек-дәйектерді жаңа уақыт талабына сай зерделеу;

– Топтық жұмыс арқылы сабақта жинақтаған білім-біліктерді теориямен ұштастыруға үйрету және әдеби тілді дамыту;

Студенттер бойына қалыптастыратын дағды:

– Қазақ әдебиеті тарихының бір үлкен арнасы — ежелгі дәуір әдебиеті дәуірінде өмір сүрген ақындардың шығармашылығымен терең танысып, олардың мол мұрасының мазмұнына қанығу керектігін;

– Бабалар шығармаларын оқу арқылы ұлттық патриотизм, отаншылдық идеяларын насихаттауға үйренуге;

– Ой жүйелілігіне, тіл дамытуға және тілдік қорды молайтуға машықтануға дағдылану;

– Жыраулық дәстүрдің түп төркініне назар аударып, олардың шығармашылығын терең таныстыру, қамтылған өзекті мәселелерге бүгінгі күн тұрғысынан баға беруге дағдыландыру;

– Қазақстан тарихы пәнімен тығыз байланыста екенін;

Кәсіби күзіретіліктер

Білімді жан-жақты тереңдетіп меңгерту жағдайында болашақ Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі мамандарын даярлауда әдебиет тарихына қатысты пәндерді оқыту қажеттілігі зерттелді. (Кесте 1)

Кесте 1 – Болашақ маманның әдебиет тарихы туралы білімін тереңдету жағдайында оқытылатын пәндерінің салыстырмалы мәліметтері

*Table 1 – Comparative data of the studied disciplines in terms of deepening the knowledge of the future specialist in the history of literature*

Әдебиет тарихынан сауаттылық талаптары	Ежелгі және хандық дәуірі әдебиеті	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті	XX ғасырдың I жартысындағы қазақ әдебиеті	XX ғасыр және «Алаш әдебиеті»	XX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдебиеті
Топтық жүйеде жұмыс	+	+	+	+	+
Стандартты бағдарламалармен жұмыс	+	+	+	+	+
Ғылыми зерттеулермен жұмыс	+	+	+	+	+
Рухани құндылықтармен жұмыс	+	+	+	+	+

Міндетті және таңдау компонентіндегі әдебиеттану пәндерінің мазмұнындағы өзгерістерге көп дәрежеде ЖОО-дың сәйкесінше білім беру бағдарламаларының мақсаты мен міндеті терең білім беріп, практикада қолдануға мүмкіндік беретін қазіргі заманғы талаптарға және даярланған маман арқылы қоғамдық әлеуметтік тапсырысты қанағаттандыра алу мүмкіндіктері әсер етеді.

Оқу үдерісінде Қазақ әдебиетінің тарихы бойынша жүретін өзгерістерді теориялық талдау көрсеткендей, қазіргі кезде студенттер меңгеруі тиіс білімдер мен

ақпараттың көлемі айтарлықтай үлкен және жыл сайын өсіп келеді. Ал аудиториялық оқу жүктемесінің көлемі өзгеріссіз қалуда. Бұл мәселеге көптеген зерттеушілер назар аударып келеді. Мысалы, И.Е. Вострокнутов бұл кереғарлықтан шығудың екі жолын көрсетеді: «Біріншісі — оқу мазмұнын өзгерту және оқу бағдарламаларының құрылымын оқу материалын азайту жағынан қайта құру. Екіншісі — оқу үдерісіне оқытудың ақпараттық-телекатынастық технологияларын ендіру жолымен оқыту әдістерін жаңарту, оқу еңбегінің өнімділігін көтеру» (Вострокнутов және т.б., 1994).

Зерттеу нәтижелері бойынша мынадай ұсыныстар жасауға болады:

– оқу үдерісіне «Қарахан дәуіріндегі әдебиет тарихы» атты арнайы пәнді ендіру қажет.

– қазақ филологиясы мамандықтарының оқу жоспарындағы Қазақ әдебиетінің тарихы (XI–XIX ғасыр), Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті (Көне түркі әдеби мұралары және орта ғасырдағы жыраулық дәстүр) пәндерінің оқу жүктеме сағаттары (кредиттері) біршама ұлғайтылуы тиіс;

– филолог мамандардың әдебиет тарихының генезисінен білімін тереңдету мақсатында Қарахан дәуіріндегі әдебиетіндегі ақындар шығармашылығының ұлт тағдырына қатысты мәселелерді көтерген туындыларының тақырыптық-идеялық, мазмұндық ерекшеліктерін саралап, әдеби-танымдық мәнін аша білуді меңгеруі қажет.

### **Қорытынды**

Бүгінгі студент — ертеңгі маман. Сол себепті де маман дайындайтын әрбір ЖОО орындарында Білім беру Бағдарламаларын жасаған кезде оқытылатын пәндердің саны емес, сапасына тереңнен мән берілуі керек екендігін уақыт өзі көрсетіп отыр. Зерттеу мақаламызда болашақ Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлауда Қазақ әдебиеті тарихы пәндерін оқытудағы мәселелерге тоқталып, «6B01701 — Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау білім бағдарламасы» бойынша білім бакалавры мамандық иесінің «Қарахан дәуіріндегі әдебиеті» пәнін оқыған да игеретін құзыреттіліктеріне жан-жақты тоқталдық.

Білім бағдарламасына «Қарахан дәуіріндегі әдебиеті» курсы енгізіліп, жеке пән ретінде оқытқан да жас маман елінің рухани құндылықтарын меңгерген, ғылыми деректермен жұмыс жасай алатын, білім мен білігі қалыптасқан тұлға болып табылатынын дәлелдедік. Жалпы Қарахан дәуіріндегі әдебиетінің қалыптасу кезеңдерін білу, түркі халықтарына ортақ әдебиет дәуірінен бастап, хандық кезең әдебиетінің даму арнасы мен оны дамытуға үлес қосқан ақын-жыраулардың шығармаларын талдау, тарихи кезең тұлғаларының шығармаларында көтерілген адами құндылықтарға қатысты студенттің өз іркімен шығармашылық жұмыс жасауының жолдарын ұғындыру. Студенттің біліктілік алып шыққаннан кейін жас маман ретінде тек қызмет орнында ғана емес, қоғамдық ортада да өз орнын табуына ықпал ететін тәрбие процесінің де сапасын мен маңызына да жан-жақты тоқталып, басты талаптар талданып көрсетілді. Қазақстанда «Рухани Жаңғыру» арнайы жобасының көлемінде дайындалған «100 оқулықтың» мамандыққа қатыстыларын оқып, әлемдік озық идеялар мен технологияларды білу, мектеп оқушыларының білімін бағалаудың траекторияларын қолдана білуде әзірлігінің болуы, жаһандық компьютерлік жүйелерде түрлі ақпараттармен жұмыс істей білуі қажеттігі де мақалада кең көрініс тапты.

Алдағы уақытта болашақ қазақ филологиясы саласы мамандарына қазақ әдебиетінің тарихы пәндерін оқытудың ғылыми әдіснамасы мен оқыту әдістемесін пәнді оқытуды жаңашылдыққа байланысты жүйеге келтіру қажеттілігі байқалады. Пәннің жұмыс бағдарламасының ішкі мазмұнын қайта жетілдіру мақсатында

инновациялық технологияларды қолданудың жолдарын, кәсіби ерекшелігіне сай іс-әрекетке қатысты келелі проблемаларды және тағы басқа да ұсыныс талаптарды өз алдына жеке зерттеуде кезек күттірмейтін мәселе екенін аңғардық

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- Сүйіншәлиев Х., 2006 — *Сүйіншәлиев Х.* Қазақ әдебиетінің тарихы. // Оқулық — Алматы, 2006.— 904 б.
- Еспенбетов А.С., Ақтанова А.С., Жундибаева А.Қ., 2019 — *Еспенбетов А.С., Ақтанова А.С., Жундибаева А.Қ.* Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері // Оқу құралы — Алматы — 2019. — 360 б.
- Райан Майкл, 2019 — *Райан Майкл.* Әдебиет теориясы // — Алматы. Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, — 2019. —292 б.
- Қыдыр Т.Е., Нұрیمان Б., 2020 — *Қыдыр Т.Е., Нұрیمان Б.* Ұлы дала жауһарлары // Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы: Бес – Қ 23 томдық. — Алматы, 2020. — 585 б.
- Кәкішұлы Т., 2002 — *Кәкішұлы Т.* Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. — Астана, 2002. — 188 б.
- Бітібаева Қ.О., 2012 — *Бітібаева Қ.О.* Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы // — Алматы, 2012. — 312 б.
- Тілеуова А.З., 2018 — *Тілеуова А.З.* Қазақ әдебиетін оқытудағы жаңа технологиялар // — Алматы, 2018. —114 б.
- Керімбекова Б., 2017 — *Керімбекова Б.* Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі // Оқу құралы — Астана, 2017 — 160 б.
- Байтанасова Қ., 2011 — *Байтанасова Қ.* Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі // — Астана, 2011. — 160 б.
- Смағұлов Ж.Қ., 2018 — *Смағұлов Ж.Қ.* Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы // Оқулық — Алматы, 2018. — 400 б.
- Вострокнутов И.Е., Кузнецов Ю.К., 1994 — *Вострокнутов И.Е., Кузнецов Ю.К.* Оценка компьютерных программ и информационных технологии обучения // Педагогическая информатика. Москва, 1994. №2. — С. 43–47.

#### REFERENCES

- Suyinshaliev Kh., 2006 — *Suyinshaliev Kh.* Kazak adebietynyn tarihy // Okulyk. — Almaty, 2006. — 904 p.
- Espenbetov A.C., Aktanova A.C., Jundibayeva A.K., 2019 — *Espenbetov A.C., Aktanova A.C., Jundibayeva A.K.* Adebiet tarihy dauyrlerdın teoriyalik negizderi //okay kuraly. — Almaty, 2019. —360 p.
- Ryan Michael, 2019 — *Ryan Michael* Adebiet teoriyasy // — Almaty, 2019. —292 p.
- Kydyr T.E., Nuriman B. «Uly dala zhauharlary» seriyasit // Ezhelgi dayir adebietynyn antologiyasi, Bes K 23 tomdik. — Almaty, 2020. — 585 p.
- Kakishuly T., 2002 — *Kakishuly T.* Kazak adebietin okytu Adistemesi — Astana, 2002. —188 p.
- Bitybayeva K.O., 2012 — *Bitybayeva K.O.* Kazak adebietin Terendetip okytudyn innovativalyk Adistemesi men technologiyasy — Almaty, 2012. — 312 p.
- Tileuova A.Z., 2018 — *Tileuova A.Z.* Kazak adebietin Okytudagi zhana technologiylar — Almaty, 2018. — 114 p.
- Kerimbekova B., 2017 — *Kerimbekova B.* Kazak adebietin Okytu adistemesi // Oku kuraly —Astana, 2017. — 160 p.
- Baitanasova K., 2011 — *Baitanasova K.* Kazak adebietin Okytu adistemesi —Astana, 2011. —160 p.
- Smagulov Zh.K., 2018 — *Smagulov Zh.K.* Kazak adebiettanu Gylymynn tarikhy [Matin] // Okulyk — Almaty, 2018. — 400 p.

Vostorknutov I.E., Kuznesov U.K., 1994 — *Vostorknutov I.E., Kuznesov U.K. Osenka komputernix program I informasionih tehnologii obushenia // pedagogisheskaia informatika. – Moskva, –1994. №2, –Pp. 43–47.*

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

**Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:**

**[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)  
ISSN 2518–1467 (Online),  
ISSN 1991–3494 (Print)**

**<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>**

Заместитель директор отдела издания научных журналов НАН РК Р. Жәліқызы

Редакторы: М.С. Ахметова, Д.С. Аленов

Верстка на компьютере Г.Д. Жадыранова

Подписано в печать 30.04.2023.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф. 27,5 п.л. Тираж 300. Заказ 1.